

Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдаланудың кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 тамыз N 932. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 860 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 860 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Ескерту 1) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.19. N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен;

1-1) Радиожилік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін төленетін бір жолғы төлем мөлшерін белгілеу ережесі; <*>

2) Ескерту 2) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.19. N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен;

3) Ескерту 3) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.19. N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен;

4) Ескерту 4) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.19. N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.01. N 1016 , 2009.01.19. N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) қаулыларымен .

2. "Қазақстан Республикасының радиожилік ресурсын (спектрін) пайдалану үшін республикалық бюджетке ақы төлеу ережесін және ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 маусымдағы N 825 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 23, 235-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

2002 жылғы 21 тамыздағы
N 932 қаулысымен
бекітілген

Теледидар және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру ережесі

Ескерту Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.19. N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 21 шілдедегі
N 932 қаулысымен
бекітілген

Радиожилік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін төленетін бір жолғы төлем мөлшерін белгілеу ережесі

Ескерту. Ережемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.01. N 1016 қаулысымен .

1. Радиожилік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін бір жолғы төлем (бұдан әрі - бір жолғы төлем) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес байланыс саласындағы уәкілетті орган өткізетін конкурс (аукцион) қорытындылары бойынша анықталады.

2. Радиожилік спектрінің номиналдары (белдеулері, диапазондары) (бұдан әрі - радиожилік спектрінің номиналдары) үшін бастапқы бағаны конкурс (аукцион) өткізу жөніндегі комиссия анықтайды, бірақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін радиобайланыстың тиісті түрінің радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төленетін төлемнің жылдық ставкасынан кем болмауы керек.

3. Конкурс өткізілетін жағдайда бір жолғы төлем бастапқы бағаны құрайды.

4. Аукцион өткізілген кезде бір жолғы төлемнің мөлшері байланыс саласындағы уәкілетті орган бөлген, радиожилік спектрінің номиналдарына қатысушы ұсынған неғұрлым жоғары баға негізінде анықталады.

5. Бір жолғы төлемді конкурс (аукцион) жеңімпазы қорытынды шешім шығарылғаннан кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей салық төлеушінің тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік бюджетке төлейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 21 тамыздағы
N 932 қаулысымен
бекітілген

Радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін
ақы төлеудің жылдық ставкалары

Ескерту. Жылдық ставкасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.19. N
19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 21 тамыздағы
N 932 қаулысымен
бекітілген

Теледидар және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожиилік
спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алынатын алым ставкалары

Ескерту. Алым ставкасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.19. N 19 (
қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 21 тамыздағы
N 932 қаулысымен
бекітілген

Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті
құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым ставкалары

Ескерту. Алым ставкасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.19. N 19 (
қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.